

«Ұлттың ұлы құндылығы - тіл» тақырыбында өткізілген эссе байқауының анықтамасы

03.09.2025 ж. күні « №136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында 8-10 сынып оқушылары арасында «Ұлттың ұлы құндылығы - тіл» тақырыбында эссе байқауы болып өтті. Аталған шараны қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері «Тілдер тоғысқан мереке» атты онкүндік іс-шараның жоспарына сәйкес ұйымдастырды.

Көрнекті ағартушы - Ахмет Байтұрсынұлының туған күні мен мемлекеттік тіліміздің төл мерекесіне орай ұйымдастырылған шарада оқушылар бар білімдерін ортаға салып, белсене атсалысты. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға бағытталған байқау барысында эссе жазудағы құрылымдық ерекшеліктер жіті сақталды. Бұдан бөлек, оқушылардан тақырыпқа қатысты ойдың нақты тұжырымдалуы мен қажетті дәлелдері талап етілді.

Ата-бабамыз ғасырлар бойы жасаған асыл мұраларын, игі істерін, салт-дәстүрлерін, өсиеттерін ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жеткізген. Сондықтан ана тілімізді білмей, ұлттық мәдениетті бойымызға сіңіріп, жете меңгеру мүмкін емес. Тіл әрқашанда халықпен бірге өмір сүріп дамиды. Тіл тұғырының биікке көтерілгені-халық мәртебесінің жоғарылауы. Оқушылар мемлекеттік тілдің мәртебесі жоғары болуы тиіс екенін, ана тілімізді шұбарламай таза сақтауға тиіс екенін түсінді. Сондай-ақ ана тілімізді ардақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу- бүкіл Қазақстан азаматтары үшін басты парыз.

Эссе байқауында оқушылардың үздік деп танылған жұмыстары сараланып, оқушыларға жүлделі орындар берілді.

I орын – 10 «В» сынып оқушысы Рахматулла Ақбілек

II орын – 10 «Г» сынып оқушысы Жақсылық Диас

10 «Б» сынып оқушысы Назарова Ақерке

III орын – 10 «В» сынып оқушысы Анаркүл Абылай

10 «Б» сынып оқушысы Машрапова Аружан

10 «В» сынып оқушысы Жахапбарқызы Маржан

3
Organizer 100 rinan



Артық ғылым кітапта,
Ерінбе оқып көруге.
Абай



136
МЕСТО

Армянская эмиграция,
Глубокая вера,
Абхазия

